

## **Хаттама №2**

Тасарық ауылы №238 орта мектебінің 2023 жылы 06 қараша күні кезекті педагогикалық кеңес болып өтті.

**Қатысуға тиіс-41  
Қатысканы-36  
Дәлелді себептермен қатыспағаны-5**

### **Күн тәртібінде:**

- 1.2023-2024 оку жылдарындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының корытындысы, электронды журналдың жүргізілуі. /Б. Аханова, С. Кәрбай./
2. Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыс туралы.  
/П. Ургенішбаева/
- 3.11- сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, пән мұғалімдерінің сараптамасы  
/Т. Бөлебаев /
4. Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы мен пәндік сараптаулар туралы./Б. Аханова/
5. Мектепшілік бақылау барысы туралы. /Б. Аханова/

### **Тындалды:**

№238 орта мектеп директоры Ә.Кеулімжай күн тәртібінде қаралатын мәселелерге қысқаша тоқталып өтті. Ағымдағы мәселелермен таныстыра келе, сөз кезегін баяндамашыларға берді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова 2023-2024 оку жылдарындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының корытындысы, электронды журналдың жүргізілу барысына тоқталды.

Мектебімізде 2023-2024 оку жылы басындағы оқушылар саны 1-11 сынып аралығында 94 оқу-шы, МАД тобында 11 оқушымен бастап аяқтадық. Келген- кеткен оқушы жоқ . «Тасөткел» бастауыш мектебінде 1-4 сынып аралығында 5 оқушы білім алуда. Жалпы мектепте 99 оқу-шы бар. Тоқсандық үлгерімге тоқталар болсақ:

- 1 сынып бойынша оқу жылы барысында баға шықпайды . 2-11 сынып бойынша барлығы- 21 үздік, 32 екпінді оқушы бар, білім сапасы-63 пайызды құрап отыр .
- 2 сыныпта - 10 оқушы: 3 үздік, 5 екпінді, білім сапасы- 80 пайыз .
- 3 сыныпта- 10 оқушы: 4 үздік, 3 екпінді, білім сапасы-70 пайыз.
- 4 сыныпта- 10 оқушы: 2 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-75пайыз .
- 5 сыныпта- 10 оқушы: 2 үздік, 2 екпінді, білім сапасы-57 пайыз.
- 6 сыныпта- 10 оқушы: 3 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-70 пайыз .
- 7 сыныпта- 8 оқушы: 2 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-75 пайыз.
- 8 сыныпта - 8 оқушы: 3 үздік, екпінді жоқ, білім сапасы-37 пайыз .
- 9 сыныпта- 8 оқушы: 2 үздік, 2 екпінді, білім сапасы-50 пайыз.
- 10 сыныпта- 7 оқушы: үздік жоқ, 4 екпінді, білім сапасы- 57 пайыз .

11 сыныпта - 7 оқушы: үздік жоқ, 4 екпінді, білім сапасы-57 пайызды құрайды.

Үлгермеуші оқушылар жоқ.

І тоқсан бойынша бір сабактан «4» -ке «3»-ке шыққан оқушылар:

2- сынып - Әмірбек Балауса математика пәнінен ғана «3»-ке шыққан

7-сынып-Құттыбай Мансұр, Таламбай Нұрсаят ағылшын пәнінен « 4»-ке;

10- сынып- Жарылқасын Ж, Тұрдымұрат А- химия пәнінен «4» деген бағамен корытылған. Осы пәндерден алдағы уақытта қосымша сабактар өткізіліп оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі керек. І оқу тоқсаны бойынша 8-сынып төмен көрсеткіш көрсетіп отыр .

## **Хаттама №2**

Тасарық ауылы №238 орта мектебінің 2023 жылы 06 қараша күні кезекті педагогикалық кеңес болып өтті.

**Қатысуға тиіс-41  
Қатысканы-36  
Дәлелді себептермен қатыспағаны-5**

### **Күн тәртібінде:**

- 1.2023-2024 оку жылдарындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының корытындысы, электронды журналдың жүргізілуі. /Б. Аханова, С. Кәрібай./
2. Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыс туралы.  
/П. Ургенішбаева/
- 3.11- сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы, пән мұғалімдерінің сараптамасы  
/Т. Бөлебаев /
4. Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы мен пәндік сараптаулар туралы./Б. Аханова/
5. Мектепшілік бақылау барысы туралы. /Б. Аханова/

### **Тындалды:**

№238 орта мектеп директоры Ә.Кеулімжай күн тәртібінде қаралатын мәселелерге қысқаша тоқталып өтті. Ағымдағы мәселелермен таныстыра келе, сөз кезегін баяндамашыларға берді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова 2023-2024 оку жылдарындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының корытындысы, электронды журналдың жүргізілу барысына тоқталды.

Мектебімізде 2023-2024 оку жылы басындағы оқушылар саны 1-11 сынып аралығында 94 оқу-шы, МАД тобында 11 оқушымен бастап аяқтадық. Келген- кеткен оқушы жоқ . «Тасөткел» бастауыш мектебінде 1-4 сынып аралығында 5 оқушы білім алуда. Жалпы мектепте 99 оқу-шы бар. Токсандық үлгерімге тоқталар болсақ:

- 1 сынып бойынша оқу жылы барысында баға шықпайды . 2-11 сынып бойынша барлығы- 21 үздік, 32 екпінді оқушы бар, білім сапасы-63 пайызды құрап отыр .
- 2 сыныпта - 10 оқушы: 3 үздік, 5 екпінді, білім сапасы- 80 пайыз .
- 3 сыныпта- 10 оқушы: 4 үздік, 3 екпінді, білім сапасы-70 пайыз.
- 4 сыныпта- 10 оқушы: 2 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-75пайыз .
- 5 сыныпта- 10 оқушы: 2 үздік, 2 екпінді, білім сапасы-57 пайыз.
- 6 сыныпта- 10 оқушы: 3 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-70 пайыз .
- 7 сыныпта- 8 оқушы: 2 үздік, 4 екпінді, білім сапасы-75 пайыз.
- 8 сыныпта - 8 оқушы: 3 үздік, екпінді жоқ, білім сапасы-37 пайыз .
- 9 сыныпта- 8 оқушы: 2 үздік, 2 екпінді, білім сапасы-50 пайыз.
- 10 сыныпта- 7 оқушы: үздік жоқ, 4 екпінді, білім сапасы- 57 пайыз .

11 сыныпта - 7 оқушы: үздік жоқ, 4 екпінді, білім сапасы-57 пайызды құрайды.  
Үлгермеуші оқушылар жоқ.

І тоқсан бойынша бір сабактан «4» -ке «3»-ке шыққан оқушылар:

2- сынып - Әмірбек Балауса математика пәнінен ғана «3»-ке шыққан

7-сынып-Құттыбай Мансұр, Таламбай Нұрсаят ағылшын пәнінен « 4»-ке;

10-сынып- Жарылқасын Ж, Тұрдымұрат А- химия пәнінен «4» деген бағамен корытылған. Осы пәндерден алдағы уақытта қосымша сабактар өткізіліп оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі керек. І оқу тоқсаны бойынша 8-сынып төмен көрсеткіш көрсетіп отыр .

**Kundelik.kz**-бұл сыйнып журналы мен күнделік мүмкіндіктерін, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы желілік өзара іс-қимыл құралымен электронды құжат айналымын біріктіретін интернет-портал.

«Орта білім беру үйімдары педагог қызметкерлерінің жекелеген санаттарының жүргізуі үшін ұсынылып отырған құжаттар тізбесін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қантардағы №32 бұйрығымен мұғалімнің кәсіби деңгейін көрсету мақсатында төмендегідей құжаттарды жүргізу белгіленген:

- сыйнып журналы;
- тақырыптық-күнтізбелік жоспар;
- күнделікті жоспарлар (қыска мерзімді жоспар)
- критериалды бағалау бойынша құжаттар (қалыптастыруыш және жиынтық бағалар);
- білім алушылардың күнделігі.

Күнделікті жүргізіліп отырған осы сабактарды электронды түрде сауатты да талапқа сай етіп «Kundelik.kz» порталына түсіріп отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Күннің сонында барлық мұғалімдердің толтыру барысына сарапау жасап отырмыз. Әлі де кейбір әріптестер уақытылы толтыруды жетімсіздік танытуда, яғни салғырттық танытпай ыжданаттылық танытуымыз керек.

Электронды журнал бойынша апта сайын қорытынды есептеулер алынып тұр.

Кемшіліктер бойынша уақытында ескертулер жасалып түсініктері алынды. І оқу тоқсаны бойынша өзгеріс тарихын жасаған мұғалімдерде бар екенін айтып өтті.

**Ұсыныс:** І оқу тоқсаны бойынша өзгеріс тарихын жасаған мұғалімдерге шара көруді ұсынамын.

Осыдан кейін сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Кәрібай: І оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының қорытындысы туралы баяндады.

Тәрбие жұмысын үйімдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын үйімдастырудың басым бағыттары қарастырылғанын және оқу-тәрбие процесін үйімдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оку жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шенберінде іске асырылады, оның негізі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен кешенді жоспары құрылып, Ұлттық құндылықтарға негізделіп, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП үш бағытта жұмыстар жүргізіледі.

2023-2024 оку жылының басталуына арналған 1 қыркүйек- Білім күні «Мектеп-мейірбандық мекені» тақырыбында бірынғай салтанатты жын өтті.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастырылып, «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында республикалық сыйнып сағаттары откізілді. 1-11 сыйныптар және шағын жинақты мектептегі бастауыш сыйнып оқушылары қатысты.

1қазан-Халықаралық карттар күні мерекесіне орай, "Қарты бар елдің қазынасы бар" тақырыбында үлкенге құрмет көрсету, өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерін тыңдау және талай жасты тәрбиелеп, өскелен үрпаққа үлгі-өнеге бола білген карияларымызды аталмыш төл мерекесімен құттықтау мақсатында №238 орта мектепте қызмет етіп еңбек демалысына шыққан қазыналы қарттарымыз берілген. Бен ақ жаулықты аналарымыздың басын қосып, құрмет көрсетілді.

Мерекелік шара барысында өмірінің көп бөлігін қажырлы еңбек етуге арнаған ардагер-ұстаздар Тасмамбетов Әбдімінәп, Көбжанова Балқия, Әбдімұратов Әнуарбек, Нұрбергенова Бақыт, Кәрімбаев Таламбай, Әбішева Ақбала апалар сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдіріп,

баталарын берді. «Үлкенге құрмет - кішіге ізет» дегендегү үлкен кісілердің ақ батасын алғып, оқушылар үйлеріне қуаныш кайтты.

3 қазан күні “Төрт тоқсан - төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының “Ақындар айтысы” бөлімі бойынша оқушылар арасында “Туған жерім-мақтанышым” тақырыбында мектепшілік ақындар айтысы өтті. Аталған додаға 5-9 сынып оқушылары қатысты.

Катысушы үміткерлер шамалары жеткенше туған жерінің қадір, қасиеті туралы айтты.

Қазылар алқасы айтыскерлердің орындау шеберлігіне, өлең сөздердің үйкесі мен мағынасына, сахна мәдениетіне назар аудара отырып бағалады.

Нәтижесінде 5- сынып оқушысы Байдос Әсел I орын, 7- сынып оқушысы Жаңабек Менсұлу II орын, 9- сынып оқушысы Шахмерден Наз III орын иеленді.

Балаларымыз шын жүйрік болмаса да, рухани құндылыктарға толы сәттің күәсі болып, өз халқына, туған жеріне, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген мақтаныш сезімдері арта түскендей болды.

Ал айтыс өнерін тамашалауға келген оқушылар айтыс өнері туралы мағлұмат алғып тарқасты. 5 қазан-Ұстаздар мерекесіне орай, мектеп оқушылары ұстаздарды құттықтап, бейне роликтер, члендер жолдады. 1-11 сыныптар арасында «Ұстаз – ұлы есім», «Ұстаздық еткен жалықпас», тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

5 қазан күні мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: Мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық кабілеттерін іске асыру. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі ролінде ойнаған балалар ұстаздардың жұмысының қаншалықты ауыр әрі маңызды екенін түсініп, аталған жұмыстың жауапкершілігін сезінді. Аудандық мектеп оқушылары арасында әскери қолданбалы спорт түрінен өткізілген "ЖАС МЕРГЕН-2023" жарысының бағдарламасына сәйкес AK-74 оқу қаруын толық емес бөлшектеуге және жинақтау сайысына 11 сынып оқушысы Әмірбек Нұрталап қатысып жүлделі III орынға ие болды. Жетекшісі: Әбжәли Нұртілек.

25 қазан-Республика күніне орай Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына бұлдіршіндерімізді қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп психологі П. Үргенішбаева баяндалды. Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыс мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын, сонымен қоса мінез-құлқының алдын алу мақсатында жасалатын жұмыс екенін, осы мақсатта атқарылған жұмыстары жөнінде токталды. Мектепте сауалнамалар алғынды, дәріс оқылғанын атап өтті. Мақсаты: оқушы бойындағы депрессия, үрей, стресс деңгейін анықтау. Осы алғынған сауалнамалардың қорытындысын шығара отырып,

Депрессияның женіл түрімен – 3 оқушы,

Үрейдің женіл түрімен – 7 оқушы,

Стрестің женіл түрімен – 5 оқушы анықталды.

Сауалнама қорытындысымен оқушыларды сұхбатқа шақырып, кеңестер берілді. Осы сауалнамадан анықталған оқушылар мектепшілік бақылауға есепке алынды.

**Ұсыныс:** Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, басты назарда ұстау сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары міндеттін уақытша атқарушы Т.Бөлебаев баяндалды. 2023-2024 оқу жылындағы 11 сыныпты 7 оқушы білім алуда. Қазіргі таңда оқушылармен таңдаган мамандықтарына сәйкес, таңдау пәндері бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп келеді. Оқушыларды бақылау мақсатында ай сайын тест алғын, мұғалімдермен ата-аналарға кемшіліктер мен жетістіктері талқыланып отырды. Таңдау пәндері бойынша ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 11-сыныптың дайындық кестесі бекітіліп кестеге сәйкес бақыланып тұр. 11- сынып оқушыларынан бақылау мақсатында ұлттық біріңғай тестілеу орталығының кітапшасымен алғынған тесттің көрсеткішіне келер болсақ.

Қыркүйек айындағы алынған тест көрсеткішінің орташа баллы-55 пайыз. Қазан айындағы алынған тест көрсеткішінің орташа баллы-42 пайыз. Оқушылардың көрсеткіші төмендеп кеткендігі көрініп тұр. 11 сыныптағы жақсы оқитын Исабек Назымшат математикадан 1 балл алған, қазіргі таңда математика пәнінің мұғалімі Ертуған Елеберген осы оқушымен жеке жұмыстар жүргізуде. Оқушылардың таңдау пәндеріне келер болсақ биология-химия пәнін

1 оқушы, биология-география пәнін 4 оқушы, Д/тариҳы-құқық пәнін

1 оқушы таңдалап отыр. Қараша айынан бастап 1 оқушы өз еркімен тестке қатысадан бас тарту өтінішін берді. Пән мұғалімдері, алдарыңыздағы оқушыларды дұрыстап дайындаңыздар. Ауданнан қараша айына тест кітапша әкеліп отырмын. Ертеңгі тест кітапшасынан оқушылардың қашшалықты дайындалғаны белгілі болады. Кейінгі кезде дайындыққа толық қатыспайтын оқушыларды жиі кездестіреміз. Күнделікті келмеген оқушыларды сынып жетекшісі Өркен Каримоваға және ата-аналар чатына ескертіп отырмыз. Оқушылар дайындыққа толық қатыспайтын болса деңгейлері төмендей беретіні анық. Қараша айының тест көрсеткіші бойынша ата-аналар мен пән мұғалімдерінің жиналысын өткізу жоспарлануда.

**Ұсыныс:** Төмен нәтиже көрсетіп отырған оқушылармен пән мұғалімдері жеке жұмыстар жүргізсе.

Келесі мәселе бойынша халықаралық зерттеулерге дайындық барысы мен пәндік сараптаулар туралы сөз алған мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: 2023-2024 оку жылында Халықаралық зерттеулерге дайындық жұмысын жүргізу мақсатында жұмыс жоспары құрылыш, кесте жасалды. 15 жасқа толған оқушылардың тізімі жасакталды. Жалпы мектеп бойынша 9-10 сыныптар аралығында 8 оқушы. Кестеге сәйкес қазақ тілі пәні бойынша және жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдері дайындық жұмыстарын жүргізуде. Кесте екінші ауысым бойынша жасалған. Алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізу керек екендігі пән мұғалімдеріне тапсырылды.

**Ұсыныс:** Оқушылардан алынған сынақ жұмыстары бойынша талдап, әрбір оқушының олқы тұстарын жетілдіру барысындағы жұмыстар жүйелі жүргізілсе.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектепішілік бақылау барысы туралы баяндаған мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: 2023 – 2024 оку жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес 6 бағыт бойынша жауапты орынбасарлар мен мұғалімдер жұмыс жасауда. 1-бағыт бойынша нормативтік құжаттар заңдылыққа сәйкес жинақталуда.

Оқушылардың оку процесі мен біліміндегі олқылықтарды зерттеу барысында 2- 11 сынып аралығында негізгі пәндер бойынша сынақ жұмыстары алынды. Төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен пән мұғалімдері қосымша жұмыстар жасады. Бірінші оку тоқсанының қорытындысы бойынша алынған ТЖБ пәндер бойынша талдау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер мен оқушылармен қосымша жұмыстар жасалады деп жоспарлап отырмыз .

Апта сайын республика бойынша өткізіліп жатқан онлайн семинарларға қатысып тәжірибе барысында олқы тұстарымызды жетілдіріп отырмыз. Мектепшілік бақылау үздіксіз жүріп отыратын процес, сондықтан жұмысты нақты уақытылы жүргізіп отыруымыз керек деп білемін. Басқа бағыттар бойынша тиісті мамандар жұмыстарын жүргізуде.

**Ұсыныс:** Мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға бір кісідей атсалысып жүйелі жұмыстар жүргізілсе.

### Шығып сөйлеушілер:

1. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі: Ұзакбай Әлия: Қаралған мәселелермен келісемін, алдағы уақытта қосымша сабактар өз мәнінде жүреді деп ойлаймын.

Олқылықтың орнын толтыру мақсатында сабағымыздың байланыстырып өтіп жатырмыз және қосымшаға да шақырудамыз. Өте артта қалып, кемшін жүрген, тыс қалған балалар жок. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабактарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Біз түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға қалайда ұғындырып жіберуге тырысамыз.

2. Информатика пәнінің мұғалімі Г.Қосбанбетова: Өз қателіктерімізді түсініп отырмыз. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Алдағы уақыттарда оқушыларға психологиялық ойын немесе сайыс өтілсе және 8-сыныпты да көбірек қатыстыrsa. Себебі қазір өтпелі кезеңді өткеріп жүрген жасөспірім шақтағы балалардың әр нәрсеге бейімдері мен қызығушылықтары зор екені белгілі ғой. Сондай-ақ қабілеті жоғары балалармен жұмыстар тұрақты назарымызда. Олармен терендетілген жұмыстар жүргізуге тырысамыз.
3. Бастауыш сынып мұғалімі- А. Карibaева: аталған кемшіліктерде өз атым аталды, алдағы уақытта жұмысъыма ұқыпты боламын. Ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз.
4. АӘД пәнінің мұғалімі-Н. Әбжәли: Балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсоқ, түрлі жағдайлардың алдын алу, мұқият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.

#### **Педагогикалық кеңес қаулы етеді:**

1. 2023-2024 оку жылдарындағы оқу-тәрбие, жазба- бақылау жұмыстарының қорытындысы, электронды журналдың жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп бағалансын және электронды журналдың жүргізілуін бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановага міндеттелсін.
2. Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмысты күшейту мектеп психологі П. Үргенішбаеваға бекітілсін.
3. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысын, пән мұғалімдерінің әр оқушымен сапалы жұмыс жүргізуін қадағалау мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары міндеттін уақытша аткарушы Т.Бөлебаевқа жүктелсін.
4. Халықаралық зерттеулерге дайындықты күшейту, мектепшілік бақылау барысын жоспарға сәйкес сапалы жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановага міндеттелсін.

**Педагогикалық кеңестің төрайымы:**  
**Хатшы:**



**Ә. Кеулімжай  
А. Жарболова**